

«Азаматтық Авиация Академиясы» акционерлік қоғамы жанындағы
Колледж үй-жайын мүлкіктік жалдауға беру жөніндегі конкурстың
қорытындылары туралы конкурстық комиссияның
(бұдан әрі - Конкурстық комиссия)
№ 20 - 2025 хаттамасы

Толық атауы: «Азаматтық Авиация Академиясы» акционерлік қоғамы
(бұдан әрі – Академия).

Академия мен Конкурстық комиссияның орналасқан жері: Алматы қаласы, Закарпатская көшесі, 44.

Конкурстық комиссия отырысының өткізілген күні, уақыты және орны: 2025 жылғы «22» желтоқсан, «сағат 10.00», Алматы қаласы, Закарпатская көшесі, 44, № ADM 8 кабинеті.

Қатысты:

1. Әкімжан Бауыржанұлы Елеусінов - Академияның цифрландыру және инфрақұрылым жөніндегі проректоры, комиссия Төрағасы;
2. Тимур Аманжолұлы Шағраев - Академияның активтерді басқару орталығының басшысы, комиссия Төрағасының орынбасары;
3. Сүлеймен Рахматулла - Академияның коммерция департаментінің директоры, комиссия мүшесі;
4. Арман Орынтайұлы Туғамбаев - Академияның инфрақұрылымды пайдалану орталығының бас инженері, комиссия мүшесі.
5. Геннадий Анатольевич Поведенок - Академияның заңгері, комиссия мүшесі.

Амангелді Сағынбайұлы Тойбаев – Академияның активтерді басқару орталығының менеджері, комиссия хатшысы.

Конкурстық комиссияның 5 (бес) мүшесінің 5 (бес) мүшесі қатысты. Академия Басқармасының 2024 жылғы 20 желтоқсандағы шешімімен (№ 12 хаттама) бекітілген «Азаматтық Авиация Академиясы» акционерлік қоғамының мүлкін жалға беру тәртібі туралы Ереженің (бұдан әрі – Ереже) 2 - тарауының 7-тармағына сәйкес, **Конкурстық комиссияның отырысын өткізу және шешімдер қабылдау үшін кворум бар.**

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Алматы қаласы, Закарпатская көшесі, 44/1, Академия жанындағы Колледждің оқу корпусы, № 1 қабат (Фойе) мекенжайында орналасқан

18 шаршы метр алаңға жалға алушыны (жалдаушыны) айқындау жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы.

Конкурстық комиссия мүшелері (Ә. Б. Елеусінов, Т. А. Шағраев, С. Рахматулла, А.О. Туғамбаев, Г. А. Поведенок) қатысушылар ұсынған құжаттар мен материалдарды қарап шығып:

1. «ДУМАНБАЕВА» ЖК (бұдан әрі – Қатысушы 1), конкурстық өтінімі бар конверт 17.12.2025 ж. 16.41 – де ұсынылды;

2. «БЕКМҰХАМБЕТОВА» ЖК (бұдан әрі – Қатысушы 2), конкурстық өтінімі бар конверт 17.12.2025 ж. 16.42 – де ұсынылды;

3. «Аяла food» ЖШС (бұдан әрі – Қатысушы 3), конкурстық өтінімі бар конверт 18.12.2025 ж. сағат 14.06 – да ұсынылды, олар ереже мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетіндігін атап өтті.

Бұл ретте 1, 2 және 3 қатысушылар мынадай баға ұсыныстарын ұсынды, өйткені, бұл конкурс пен Ереженің негізгі шарты болып табылады:

Қатысушы 1 - 285 000 теңге, 1 ш. м. үшін 4 АЕК.;

Қатысушы 2 - 360 000 теңге, 1 ш. м. үшін 5 АЕК.;

Қатысушы 3 - 370 000 теңге, ш. м. үшін 5,2 АЕК.

1, 2 және 3 қатысушылардың өтініштерінде олар конкурс шарттары мен Академияның Конкурстық құжаттамаларында көрсетілген конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар туралы хабардар екендігі атап өтілді.

Ереже нормаларын басшылыққа ала отырып, конкурстық комиссия мүшелері (Ә. Б. Елеусінов, Т.А. Шағраев, С. Рахматулла, А.О. Туғамбаев, Г.А. Поведенок) бірауыздан **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы қаласы, Закарпатская көшесі, 44/1, Академия жанындағы Колледждің оқу корпусы, № 1 қабат (Фойе) мекенжайында орналасқан 18 шаршы метр алаңға жалға алушыны анықтау бойынша Конкурс өткізілді деп есептелсін.

2. Қатысушы 3 - «Аяла food» ЖШС 370 000 теңге, ш.м. үшін 5,2 АЕК Алматы қаласы, Закарпатская көшесі, 44/1, Академия жанындағы Колледждің оқу корпусы, № 1 қабат (Фойе) мекенжайында орналасқан 18 шаршы метр алаңға жалға алушыны анықтау бойынша конкурстың жеңімпазы деп танылсын.

3. Активтерді басқару орталығы (Т.А. Шағраев) Қатысушы 3 – «Аяла food» ЖШС-мен (жеңімпаз) бірлесіп тиісті жалдау шартын әзірлесін және оны Ереже нормаларына сәйкес Академияның уәкілетті тұлғасына қол қоюға енгізсін.

Конкурстық комиссияның хатшысы:

А.С. Тойбаев

